ЧЗФ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ И
ЗАЩИТЕ КОНКУРЕНЦИИ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8 үй
4 Кіреберіс, "Министрліктер Үйі"
тел.: +7 (7172) 74-96-38

010000, город Астана, ул. Орынбор, 8,
4 подъезд, "Дом Министерств"
тел.: +7 (7172) 74-96-38

26.11.2015 ж. № 38-08-20/2479

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының магистральдық теміржол желісінің қызметтеріне тарифтері туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 25 мамырдағы № 242-НҚ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 449-НҚ және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2016-2020 жылдарға магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 450-НҚ бұйрықтарының көшірмелерін басшылыққа алу үшін жолдайды.

Қосымша: 20 парақ.

**Төраға** **С. Жұманғарин**

Орынд.: Ә. Төлеп
Тел.: 74-98-45

«ҚТЖ» ҰК» АҚ
ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ ДЕПАРТАМЕНТІ
КІРІС № ____
«__» ____ 20__ ж ____ пар.
ДЕПАРТАМЕНТ ДОКУМЕНТООБОРОТА И ОРГАНИЗАЦИОННО-КОНТРОЛЬНОЙ РАБОТЫ АО «НК «ҚТЖ»
ВХОДЯЩИЙ № 14013
«30» 11 15 21 лист

006983

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ И
ЗАЩИТЕ КОНКУРЕНЦИИ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ
2015 жылғы 24 қараша

Астана қаласы

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

ПРИКАЗ
№ 450 -НҚ

город Астана

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2016-2020 жылдарға магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларын бекіту туралы**

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі № 213-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларының 24, 25, 27-тармақтарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 34 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті туралы ереженің 14-тармағының 8) және 10) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2016-2020 жылдарға арналған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 25 мамырдағы № 242-НҚ бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау кезінде магистральдық темір жол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің шекті деңгейлерін есептеу үшін қолданылатын есептеу кестелеріне коэффициенттерді қолдану арқылы тарифтердің шекті деңгейлері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жүктерді (габаритті және габаритті емес) жүк жөнелтушінің талабы бойынша жеке локомативпен жүретін вагондарда тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне, Қазақстан темір жолының локомотивтерінен басқа, тиелген немесе бос вагондармен поезд құрамындағы локомотивтердің, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің теміржолдарының өзара

халықаралық ынтымақтастығы мақсатында теміржол көлігі қызметін үйлестіретін келісімдер бойынша жұмыс істейтін басқа темір жолдары локомотивтерінің жүрісіне тарифтердің шекті деңгейлері;

3) жолаушылар қозғалысындағы магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтің шекті деңгейі вагон/км үшін 28,64 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшерінде;

4) осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жүк қозғалысындағы және жолаушылар қозғалысындағы магистральдық темір жол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтік сметалар бекітілсін.

2. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 қарашадағы №362-НҚ бұйрығының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Темір жол көлігі саласын реттеу басқармасы осы бұйрықты «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.

4. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы тарифтердің шекті деңгейі енгізілетіні туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына, оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жеткізсін және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетіне тарифтердің шекті деңгейі енгізілетіні туралы тұтынушыларға хабарлау фактісі жөніндегі ақпаратты күнтізбелік бес күн ішінде ұсынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының орынбасары А.М. Жұмабаеваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1 және 2-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

---

**Төраға** **С. Жұманғарин**

**КӨШІРМЕ ДҰРЫС**

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу және
бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының
2015 жылғы «24» карашадағы
№450-НҚ бұйрығына 1-қосымша

## Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтер

| № | Жүктердің атауы | Тарифтік топтың коды және жүктердің бірыңғай тарифтік статистикалық номенклатурасы бойынша позициясы (ЕТСНГ) | Магистральдық теміржол желісінің қызметіне арналған есептік кестелердің мөлшерлемелеріне коэффициенттер | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| I | **Вагонды, кішкентай және шағын тоннажды жөнелтулер** | | | | | | |
| 1 | Шикі мұнай | 201 | 1 454* | 1469* | 1484* | 1498* | 1513* |
| 2 | Мұнай өнімдері | 211-215, 221-225, 226021, 226069, 226106 | 849* | 898* | 949* | 1003* | 1061* |
| 3 | Түсті металдар және оның илегі | 331-332, | 1003* | 1064* | 1129* | 1196* | 1269* |
| 4 | Қара металдар және оның илегі | 311-313, 321-324 | 983* | 1022* | 1063* | 1106* | 1150* |
| 5 | Түсті және қара металл сынықтары | 316, 333 | 983* | 1022* | 1063* | 1106* | 1150* |
| 6 | Сазбалшық | 151060 | 698* | 726* | 755* | 785* | 816* |
| 7 | Темекі және махорка шикізаты, олардан жасалған өнімдер | 072, 517 | 952* | 990* | 1029* | 1070* | 1113* |
| 8 | Спирт, сыра, алкагольді ішімдіктер | 591-594 | 696* | 724* | 753* | 783* | 814* |
| 9 | Мақта талшықтары | 611 | 504* | 525* | 546* | 567* | 590* |
| 10 | Сұйылтылған газ | 226, 226021 басқа, 226069, 226106 | 444* | 462* | 480* | 500* | 519* |
| 11 | Тас көмір | 161 | 259* | 266* | 274* | 283* | 291* |
| 12 | Астық | 011-018 | 293* | 301* | 310* | 320* | 329* |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | Шикізат, құрылыс материалдары мен өнімдері | 121-122, 231-236, 251-256, 261-268, 281, 301-304 | 516* | 532* | 547* | 564* | 581* |
| 14 | Темір рудасы | 141, 142 | 337* | 347* | 357* | 368* | 379* |
| 15 | Түсті руда | 151-153, 151060 басқа | 344* | 358* | 372* | 387* | 403* |
| 16 | Химикаттар және сода | 751-758, 481232, 487169, 487188 | 347* | 361* | 376* | 391* | 406* |
| 17 | Хим. мин. тыңайтқыштар | 431-436 | 350* | 364* | 379 | 394 | 410 |
| 18 | Орман жүктері | 081, 082, 091-094, 101-103, 111, 112, 123-127,131-133 | 518* | 539* | 560* | 583* | 606* |
| 19 | Басқа жүктер | 291035, 351-362, 371, 381, 391, 401-405, 411-418, 421-423, 442, 452, 453, 461, 462, 632-635, 641, 651, 654, 661, 681-683, 46135 | 430* | 447* | 465* | 483* | 502* |
| 20 | Жоғарыда көрсетілгеннен басқа жүктер | | 356* | 370* | 385* | 400* | 416* |
| 21 | Әскери және арнайы тасымалдар | | 364* | 379* | 394* | 409* | 426* |
| **II** | **Контрейлерлік жөнелтулер** | | | | | | |
| 22 | Қалған жүктер | | 374* | 374* | 374* | 374* | 374* |
| **III** | **Азаматтардың үй заттарын жөнелту** | | 38* | 40* | 42* | 43* | 45* |

Ескерту: * Республикалық, халықаралық (импорттық, экспорттық) қатынастарда жүктерді, бос меншікті (жалға алынған) вагондар тасымалдау кезінде МТЖ қызметтеріне тарифтерді есептеу кезінде «Экспорттық қатынаста теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде МТЖ қызметтеріне тарифтерді есептеуге қолданылатын есептік кестелер» қолданылады («Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының магистральдық теміржол желісі қызметтеріне арналған тарифтер туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 25 мамырдағы № 242-НҚ бұйрығына 3-қосымша).

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу және
бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының
2015 жылғы «24» қарашадағы
№450-НҚ бұйрығына 2-қосымша

**Жүктерді (габаритті және габаритті емес) жүк жөнелтушінің талабы бойынша жеке локомативпен жүретін вагондарда тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің қызметтеріне, Қазақстан теміржолының локомотивтерінен басқа, тиелген немесе бос вагондармен поезд құрамындағы локомотивтердің, сондай-ақ ТМД елдерінің теміржолдарының өзара халықаралық ынтымақтастығы мақсатында теміржол көлігі қызметін үйлестіретін келісімдер бойынша жұмыс істейтін басқа теміржолдары локомотивтерінің жүрісіне тарифтердің шекті деңгейлері**

| № | Жүктер тасымалының атауы | МТЖ қызметтері бойынша 2016-2020 жылдарға тарифтердің шекті деңгейлері (ҚҚС-сыз) |
|---|---|---|
| 1 | Жүк жөнелтушінің талабы бойынша жүктерді (габаритті) жеке локомотивпен жүретін вагондарда тасымалдау | поезд-км үшін 879 теңге |
| 2 | Жүк жөнелтушінің талабы бойынша габаритті емес жүктерді жеке локомотивпен жүретін вагондарда тасымалдау: | |
| | габаритті емес 1-4 дәрежедегі жүктер үшін | поезд-км 1317 теңге |
| | габаритті емес 5 дәрежедегі жүктер үшін | поезд-км 1756 теңге |
| | габаритті емес 6 дәрежедегі жүктер үшін | поезд-км 2635 теңге |
| | габаритті емес дәрежедегі жүктер үшін | поезд-км 5270 теңге |
| 3 | Қазақстан теміржолының локомотивтерінен басқа тиелген немесе бос вагондарымен поезд құрамындағы локомотивтердің, сондай-ақ ТМД елдерінің теміржолдарының өзара халықаралық ынтымақтастығы мақсатында теміржолкөлігі қызметін үйлестіретін келісімдер бойынша жұмыс істейтін басқа теміржолдары локомотивтерінің жүрісі | тепловозо-км үшін 567 теңге<br>электровозо-км үшін 850 теңге |

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

Приложение 2 к приказу Председателя
Комитета по регулированию естественных
монополий и защите конкуренции
Министерства национальной экономики
Республики Казахстан
от «24» ноября 2015 года №450-ОД

**Предельные уровни тарифов на регулируемые услуги магистральной железнодорожной сети при перевозке грузов (габаритных и негабаритных) в вагонах, следующих по требованию грузоотправителя с отдельным локомотивом, на пробеги локомотивов в составе поезда с груженными или порожними вагонами кроме локомотивов железной дороги Казахстана, а также локомотивов других железных дорог, выполняющих работы по соглашениям, координирующим деятельность железнодорожного транспорта, в целях взаимного международного сотрудничества железных дорог стран Содружества Независимых Государств**

| № | Наименование перевозки грузов | Предельные уровни тарифов на услуги МЖС на 2016-2020 годы (без НДС) |
|---|---|---|
| 1 | Перевозки грузов (габаритных) в вагонах, следующих по требованию грузоотправителя с отдельным локомотивом | 879 тенге за поездо-км |
| 2 | Перевозки негабаритных грузов в вагонах, следующих по требования грузоотправителя с отдельным локомотивом: | |
| | для грузов 1-4 степени негабаритности | 1317 тенге за поездо-км |
| | для грузов 5 степени негабаритности | 1756 тенге за поездо-км |
| | для грузов 6 степени негабаритности | 2635 тенге за поездо-км |
| | для грузов сверхнегабаритных | 5270 тенге за поездо-км |
| 3 | Пробег локомотивов в составе поезда с гружеными или порожними вагонами, кроме локомотивов железной дороги КЗХ, а также локомотивов других железных дорог, выполняющих работы по соглашениям, координирующим деятельность железнодорожного транспорта, в целях взаимного международного сотрудничества железных дорог стран СНГ | 567 тенге за тепловозо-км<br>850 тенге за электровозо-км |

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу және
бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының
2015 жылғы «24» карашадағы №450-НҚ
бұйрығына 3-қосымша

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының**
**2016-2020 жылдарға арналған жүк қозғалысындағы магистральдық теміржол желісінің**
**реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтік смета**

| р/с № | Көрсеткіштердің атауы | Өлшем бірлігі | Уәкілтті органмен қабылданды | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2016 жылға | 2017 жылға | 2018 жылға | 2019 жылға | 2020 жылға |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| I | Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы | мың. теңге | 200 206 254 | 210 589 588 | 227 286 812 | 236 569 242 | 243 308 747 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 1 | Материалдық шығындар, барлығы | -"- | 26 284 132 | 27 956 179 | 29 463 986 | 30 926 988 | 32 090 035 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 1.1. | шикізат және материалдар | -"- | 17 483 530 | 18 595 733 | 19 598 687 | 20 571 839 | 21 345 468 |
| 1.2. | отын | -"- | 4 149 405 | 4 413 366 | 4 651 400 | 4 882 360 | 5 065 967 |
| 1.3. | энергия | -"- | 4 651 197 | 4 947 080 | 5 213 899 | 5 472 789 | 5 678 600 |
| 2 | Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы | -"- | 95 856 125 | 101 953 947 | 107 452 793 | 112 788 247 | 117 029 785 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 2.1. | өндірістік персоналдың жалақысы | -"- | 85 723 741 | 91 176 999 | 96 094 594 | 100 866 069 | 104 659 259 |
| 2.2. | әлеуметтік салық | -"- | 10 132 384 | 10 776 948 | 11 358 199 | 11 922 178 | 12 370 526 |
| 3 | Амортизация | -"- | 51 386 651 | 52 890 499 | 61 634 683 | 63 037 643 | 63 531 909 |
| 4 | Жөндеу, барлығы | -"- | 203 286 | 207 284 | 150 068 | 202 508 | 224 760 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 4.1. | ағымдағы жөндеу | | 203 286 | 207 284 | 150 068 | 202 508 | 224 760 |
| 5. | Өзге шығындар, барлығы | -"- | 26 476 060 | 27 581 679 | 28 585 282 | 29 613 856 | 30 432 258 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 5.1. | жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу | -"- | 18 508 206 | 19 106 956 | 19 653 478 | 20 238 553 | 20 704 385 |
| 5.2. | Өзге шығындар (таратып жазу) | -"- | 7 967 854 | 8 474 723 | 8 931 804 | 9 375 303 | 9 727 873 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| II | Кезең шығыстары, барлығы, | -"- | 29 575 180 | 30 952 039 | 32 270 922 | 33 548 082 | 34 527 749 |
| | онын ішінде: | | | | | | |
| 6 | Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы | -"- | 26 882 271 | 28 205 128 | 29 619 002 | 31 012 499 | 32 115 820 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 6.1. | әкімшілік персоналдың жалақысы | -"- | 10 097 553 | 10 739 902 | 11 319 154 | 11 881 195 | 12 328 002 |
| 6.2. | әлеуметтік салық | -"- | 999 658 | 1 063 250 | 1 120 596 | 1 176 238 | 1 220 472 |
| 6.3. | салықтар | -"- | 9 411 377 | 10 010 076 | 10 549 965 | 11 073 813 | 11 490 257 |
| 6.4. | өзге шығыстар, барлығы, | -"- | 6 373 683 | 6 391 900 | 6 629 287 | 6 881 253 | 7 077 089 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 6.4.1. | амортизация | -"- | 1 997 797 | 2 004 609 | 2 012 121 | 2 030 798 | 2 045 795 |
| 6.4.2. | бөгде ұйымдардың қызметі | -"- | 424 299 | 451 291 | 475 631 | 499 248 | 518 023 |
| 6.4.3. | жөндеу, барлығы | | 339 636 | 94 277 | 92 611 | 101 237 | 103 475 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 6.4.3.1. | ағымдағы жөндеу | | 339 636 | 94 277 | 92 611 | 101 237 | 103 475 |
| 6.4.4. | аудиторлық, консалтингтік, ақпараттық, маркетингтік қызметтер | -"- | 195 033 | 207 440 | 218 628 | 229 484 | 238 114 |
| 6.4.5. | іссапар шығыстары | -"- | 692 510 | 736 564 | 776 290 | 814 836 | 845 479 |
| 6.4.6. | өкілдік шығыстар | -"- | 16 337 | 17 376 | 18 313 | 19 223 | 19 946 |
| 6.4.7. | басқа шығыстар | -"- | 2 708 071 | 2 880 343 | 3 035 693 | 3 186 427 | 3 306 257 |
| 7 | Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар | -"- | 2 692 909 | 2 746 911 | 2 651 920 | 2 535 583 | 2 411 929 |
| III | Барлық шығын | -"- | 229 781 434 | 241 541 627 | 259 557 734 | 270 117 324 | 277 836 496 |
| IV | Пайда | -"- | 46 719 020 | 47 197 875 | 44 079 453 | 77 556 378 | 114 805 323 |
| V | Барлық кіріс | -"- | 276 500 454 | 288 739 502 | 303 637 187 | 347 673 702 | 392 641 819 |
| VI | Көрсетілетін қызметтердің көлемі (жүкайналымы) | млн.т-км | 186 089 | 188 884 | 191 164 | 198 064 | 211 677 |
| | | | | | | | |
| | Анықтамалық: | | | | | | |
| 8 | Персоналдың орташа тізім бойынша саны | адам | 71 910 | 71 910 | 71 910 | 71 910 | 71 910 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 8.1. | өндірістік | -"- | 66 879,0 | 66 879,0 | 66 879,0 | 66 879,0 | 66 879,0 |
| 8.2. | әкімшілік | -"- | 5 031 | 5 031 | 5 031 | 5 031 | 5 031 |
| 9 | орташа айлық жалақы, барлығы | теңге | 120 596,4 | 127 832,2 | 134 223,8 | 139 592,75 | 143 780,5 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 9.1. | өндірістік персоналдың | -"- | 116 004 | 122 964,24 | 129 112,45 | 134 276,95 | 138 305,26 |
| 9.2. | әкімшілік персоналдың | -"- | 181 645 | 192 543,7 | 202 170,89 | 210 257,72 | 216 565,45 |

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу және
бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының
2015 жылғы «24» карашадағы №450-НҚ
бұйрығына 4-қосымша

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының**
**2016-2020 жылдарға арналған жолаушылар қозғалысындағы магистральдық теміржол желісінің**
**реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтік смета**

| р/с № | Көрсеткіштердің атауы | Өлшем бірлігі | Уәкілтті органмен қабылданды | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2016 жылға | 2017 жылға | 2018 жылға | 2019 жылға | 2020 жылға |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| I | Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы | мың. теңге | 17 224 267 | 17 340 391 | 17 796 887 | 16 177 557 | 14 732 881 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 1 | Материалдық шығындар, барлығы | -"- | 2 261 293 | 2 301 971 | 2 307 073 | 2 114 911 | 1 943 122 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 1.1. | шикізат және материалдар | -"- | 1 504 154 | 1 531 212 | 1 534 606 | 1 406 785 | 1 292 515 |
| 1.2. | отын | -"- | 356 984 | 363 406 | 364 211 | 333 875 | 306 755 |
| 1.3. | энергия | -"- | 400 155 | 407 353 | 408 256 | 374 251 | 343 852 |
| 2 | Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы | -"- | 8 246 753 | 8 395 103 | 8 413 709 | 7 712 915 | 7 086 412 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 2.1. | өндірістік персоналдың жалақысы | -"- | 7 375 038 | 7 507 706 | 7 524 346 | 6 897 628 | 6 337 349 |
| 2.2. | әлеуметтік салық | -"- | 871 715 | 887 397 | 889 363 | 815 287 | 749 063 |
| 3 | Амортизация | -"- | 4 420 928 | 4 355 115 | 4 826 085 | 4 310 768 | 3 846 997 |
| 4 | Жөндеу, барлығы | -"- | 17 489 | 17 068 | 11 751 | 13 848 | 13 610 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 4.1. | ағымдағы жөндеу | | 17 489 | 17 068 | 11 751 | 13 848 | 13 610 |
| 5. | Өзге шығындар, барлығы | -"- | 2 277 804 | 2 271 134 | 2 238 269 | 2 025 115 | 1 842 740 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 5.1. | жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу | -"- | 1 592 309 | 1 573 307 | 1 538 896 | 1 383 994 | 1 253 696 |
| 5.2. | Өзге шығындар (таратып жазу) | -"- | 685 495 | 697 827 | 699 373 | 641 121 | 589 044 |
| II | Кезең шығыстары, барлығы, | -"- | 2 544 430 | 2 548 656 | 2 526 861 | 2 294 154 | 2 090 731 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 6 | Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы | -"- | 2 312 752 | 2 322 470 | 2 319 212 | 2 120 761 | 1 944 683 |
| | оның ішінде: | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6.1. | әкімшілік персоналдың жалақысы | -"- | 868 719 | 884 346 | 886 306 | 812 484 | 746 488 |
| 6.2. | әлеуметтік салық | -"- | 86 003 | 87 550 | 87 744 | 80 436 | 73 902 |
| 6.3. | салықтар | -"- | 809 685 | 824 251 | 826 078 | 757 272 | 695 760 |
| 6.4. | өзге шығыстар, барлығы, | -"- | 548 345 | 526 323 | 519 084 | 470 569 | 428 533 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 6.4.1. | амортизация | -"- | 171 876 | 165 064 | 157 552 | 138 874 | 123 877 |
| 6.4.2. | бөгде ұйымдардың қызметі | -"- | 36 504 | 37 160 | 37 243 | 34 141 | 31 367 |
| 6.4.3. | жөндеу, барлығы | | 29 220 | 7 763 | 7 252 | 6 923 | 6 266 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 6.4.3.1. | ағымдағы жөндеу | | 29 220 | 7 763 | 7 252 | 6 923 | 6 266 |
| 6.4.4. | аудиторлық, консалтингтік, ақпараттық, маркетингтік қызметтер | -"- | 16 779 | 17 081 | 17 119 | 15 693 | 14 418 |
| 6.4.5. | іссапар шығыстары | -"- | 59 578 | 60 650 | 60 785 | 55 722 | 51 196 |
| 6.4.6. | өкілдік шығыстар | -"- | 1 406 | 1 431 | 1 434 | 1 315 | 1 208 |
| 6.4.7. | басқа шығыстар | -"- | 232 982 | 237 174 | 237 699 | 217 901 | 200 201 |
| 7 | Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар | -"- | 231 678 | 226 186 | 207 649 | 173 393 | 146 048 |
| III | Барлық шығын | -"- | 19 768 697 | 19 889 047 | 20 323 748 | 18 471 711 | 16 823 612 |
| IV | Пайда | -"- | 4 019 359 | 3 886 372 | 3 451 485 | 5 303 618 | 6 951 717 |
| V | Барлық кіріс | -"- | 23 788 056 | 23 775 419 | 23 775 233 | 23 775 329 | 23 775 329 |
| VI | Көрсетілетін қызметтердің көлемі (жолаушылар вагондарының жүрісі) | млн.т-км | 830 589 | 830 147 | 830 141 | 830 144 | 830 144 |
| VII | Жолаушылар қозғалысындағы тариф | теңге/ваг/км (ҚҚС-сыз) | 28,64 | 28,64 | 28,64 | 28,64 | 28,64 |
| | | | | | | | |
| | Анықтамалық: | | | | | | |
| 8 | Персоналдың орташа тізім бойынша саны | адам | 71 910 | 71 910 | 71 910 | 71 910 | 71 910 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 8.1. | өндірістік | -"- | 66 879,0 | 66 879,0 | 66 879,0 | 66 879,0 | 66 879,0 |
| 8.2. | әкімшілік | -"- | 5 031 | 5 031 | 5 031 | 5 031 | 5 031 |
| 9 | орташа айлық жалақы, барлығы | теңге | 120 596,4 | 127 832,2 | 134 223,8 | 139 592,75 | 143 780,5 |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| 9.1. | өндірістік персоналдың | -"- | 116 004 | 122 964,24 | 129 112,45 | 134 276,95 | 138 305,26 |
| 9.2. | әкімшілік персоналдың | -"- | 181 645 | 192 543,7 | 202 170,89 | 210 257,72 | 216 565,45 |
| 10. | УТК қолдануды ескере отырып болжамдалған кіріс | мың. теңге | 13 669 870 | 13 562 570 | 13 562 000 | 23 775 329* | 23 775 329* |

* 2019-2020 жылдарға табыс УТК ұсынбауды ескере отырып есептелген.

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ И
ЗАЩИТЕ КОНКУРЕНЦИИ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ
2015 жылғы 24 қараша

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

ПРИКАЗ
№ 449-НҚ

Астана қаласы

город Астана

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының магистральдық теміржол желісінің қызметтеріне тарифтері туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 25 мамырдағы №242-НҚ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

«Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының магистральдық теміржол желісінің қызметтеріне тарифтері туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 25 мамырдағы №242-НҚ бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың бесінші абзацындағы «0,835» деген цифрлар «0,5» деген цифрлармен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Темір жол көлігі саласын реттеу басқармасы осы бұйрықты «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының орынбасары А.М. Жұмабаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Төраға** КЕНСЕ **С. Жұманғарин**

002126